- Оқушылар басқалардың да өз пікірін айту құқығын сыйлауы керек.
- Оқушылардың барлығының жұмыс жасауына назар аударыңыз.
- Жұмысын ерте бітірген оқушыларға жеке тағы да тапсырма беріңіз.

- Топпен жұмыс жасау барысында оқушылар бір-бірін қорқытуы мүмкін. Мысалға сен мені қошта, болмаса маған 5 қой деген сияқты. Сондай бұзақылық жағдай болмау үшін бұзық оқушыларыңызға төреші, хатшы, реттеуші боласың деу керек.
- Топпен жұмыс жүргізгенде жұмыс шуы болады. Ол үшін жұмыс жасау барысындағы шу мен күнделікті болатын шуды айыра білуіңіз керек.
- Мұғалім – бақылаушы қызметін атқарады.
- Оқушылардың мәселелерді толық талқылап жатқанын бақылау.
- Топқа бөліп жұмыс жасату ойын емес, бұл проблеманы, мәселені шешудің бірден – бір жолы екенін оқушыларды топқа бөлдерде ескертіп өту қажет.
- Топтық жұмысты жариялау кезінде тақтаға шығып сөйлеу қажет. Себебі, барлық оқушының назары сол баяндамашыда болады.
- Топпен жұмысты барлық сыныпта қолданғаннан гөрі бір сыныпта жүргізіп, балаларды жаттықтырып алған жөн. 1. Топтың көлемі. Ресми топ салыстырмалы түрде үлкен болмау керек деген пікір бар. Кит Девис топтағы адамдар саны бесеу болу керек деп есептейді. Ральф Дэвис бойынша тамаша топ 3-9 адам. 3. Топтық нормалар. Топ басшылары топтың өзге мүшелеріне қарағанда өздерін басқаша сезінеді. Оларда топтық қызығушылықты бағындыратын топтық рух басым болады.
- 4. Топтық сананы құру амалдары:
- 2. Топтың құралы. Құрылу кезінде топта ұқсамайтын тұлғалар болу керек, бұл үлкен тиімділікке әкелуі мүмкін. Көптеген көзқарастар және қабылдаулардың көмегі өз жемісін береді.
- Топтардың тиімділігіне ықпал ететін факторлар:
 1. мақсатқа сенімділік;
 2. мүшелердің бір-біріне сенімділігі;
 3. жетекшіліктің оңтайлы стилі;
 4. басқаруға қатысу. Топтық уақыт өткізудің мәні мен жалпыға ортақтығын Д.Картрайттың және А.Зандердің мына сөздері дәлелдейді: “егер ... болжамдық марстық адам Жерді бір қарап шықса, ол, мүмкін, жер адамдарының бір нәрсені топта жасап, өз уақытының сонша бөлігін бірге өткізетініне таң қалатын шығар?” Топтық жұмыс формалары оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін дамытуға, оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға, тұлғаның қиындықтарға даяр болу және оларды жеңе білу, танымдық, сыйласу, шығармашылық өзін-өзі өзектілендіруге ықпал етуде алатын орны ерекше.
- 5. Г.А. Цукерман әлемде жүргізілген зерттеулерді жалпылау кезінде, топтық оқу іс-әрекетіндегі келесі мәселерді көрсетеді:
- 6. Бүгінгі таңда топтық жұмыс оқыту үдерісінің тиімді тәсілдерінің бірі деп есептеледі. Ол сабақта табиғи тілдік қатынас жағдайын құруға әсер етеді,

оқушыларды оқу үдерісіне белсенді қатысуға еріксіз тартады, ынталандырады, оқып-үйренуге деген қызығушылығын тудырады. Сондай-ақ, топтық жұмыс оқушылардың өздерін сенімділікке тәрбиелейді, өзін-өзі ортада ұстай білуге, бірін-бірі тыңдауға, сыни ойлануға, пікірлердің сан алуан болатындығын жақсырақ түсінуге үйренеді, өз пікірін айтуға құқығының бар екенін сезінеді.

7. Сынып-сабақ жүйесінің жалпыдан жеке және топтық формаға өтуі мода емес, бұл заман талабы.

- балалардың танымдық белсенділігі мен шығармашылық деңгейі өседі;
- оқушылар арасындағы өзара қатынас сипаты өзгереді;
- оқушылар маңызды әлеуметтік дағдыларға ие болады: әдеп, жауапкершілік, басқалардың позициясын есепке ала отырып, өз мінез-құлқын қалыптастыру іскерлігі,
- қарым-қатынастың гуманистік түрткілері;
- мұғалім топқа бөлуде балалардың өзара бейімділіктерін, олардың дайындық деңгейлерін, жұмыс қарқындарын есепке ала отырып, оқытуда дараландыру мүмкіндігін алады.

Қазіргі заманғы оқыту мектептен, яғни мұғалімнен оқушылардың психикалық және физикалық денсаулығын қорғауды талап етіп отырғандықтан, іс-әрекетті ұйымдастырудың топтық формасы тәжірибесі өзекті әрі болашақта дамушы болып есептеледі. Олардың бастамашылдығын, дербестігін қолдау, баланың мектепке келуіне байланысты бірлесіп, серіктесіп жұмыс істеу, басқалармен тығыз қарым – қатынаста болу дағдысын қалыптастыру, өзіндік таңдауға үйрету қажет.

№ D00035 26.07.2021 ж

Қауіпті табиғат құбылыстары




АРЫСТАНОВА КАРЛЫҒАШ АҚЫЛБЕКОВНА

Нур-Султан қаласы N 64 мектеп- лицей, бастауыш сынып мұғалімі

Пән: Дүниетану	Мектеп:
Бөлім: Қоршаған орта	Мұғалімнің аты-жөні:
Күні:	Қатысқандар саны:
Сынып:	Қатыспағандар саны:
Сабақ тақырыбы	Қауіпті табиғат құбылыстары
Оқу мақсаты 2.2.2.1. Ауа райының адам өмірі мен шаруашылық іс-әрекетіне оң және теріс әсерін талдау	
Сабақ мақсаты	Барлық оқушылар: ауа райының адам өмірі мен шаруашылық іс-әрекетіне оң және теріс әсерлерін талдайды. Көптеген оқушылар: Адамдарға қауіп туғызатын және қауіп туғызбайтын табиғат құбылыстарын ажыратып, одан қорғану жолдарын біледі Кейбір оқушылар: Шаруашылықтарға қандай табиғат құбылыстар зиян келтіретінін және одан қорғану жолдарын біледі.
Ойлау дағдыларының деңгейлері	Білу, түсіну, қолдану, жинақтау
Бағалау критерийлері <ul style="list-style-type: none"> • Табиғат құбылыстары туралы біледі. • Қолайсыз және қауіпті табиғат құбылыстардың ерекшеліктерін көрсетеді. • Табиғаттың қолайсыз және қауіпсіз құбылыстарын талдау арқылы топтастырады. 	
Тілдік мақсат	-Климат және сәйкес табиғи құбылыстар тақырыбын

	<p>бейнелейтін лексиканы оқып үйренеді. - Табиғи жағдайлар туралы айта алады. - Табиғи қолайсыз жағдайларды анықтай алады.</p>
Құндылықтарды дарыту	<p>Топтық, жұптық жұмыстарды орындау барысында ынтымақтастық орта қалыптастыру. Адамгершілік, алған білімді қолдана білу, еңбексүйгіштік қасиеттерді насихаттау.</p>
Пәнаралық байланыстар	<p>Жаратылыстану пәнімен табиғи құбылыстарын ерекшелігін жіктеу. Әдебиеттік оқу ауызекі сөйлеу тілдері дамиды.</p>
АКТ қолдану дағдылары	<p>Ғаламтордан алған суреттер, интербелсенді тақта</p>
Алдыңғы білімді игерулері	<p>Табиғат құбылыстарын атау</p>
Сабақ барысы	
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет
Сабақтың басы 5минут	<p>Ширату тапсырмасы. Оқушыларды «Пазл» әдісі арқылы табиғат құбылыстарын құрастыру арқылы 3 топқа бөлу. 1-топ «Жаңбыр» 2-топ «Найзағай» 3-топ «Жел» «Кір жайғыш» әдісі арқылы жұмбақтарды шешеді. Жұмбақтар конвертке жасырылады, кір жайғыштан алады. 1.Дүрліктіріп қырқаны Шақпақ тастың жарқылы. Бұлт көрпесін жыртады.(найзағай) 2.Таудан топ түсті, Аяқ-қолы жоқ түсті.(бұршақ) 3.Жылт-жылт еткен, Жылғалардан өткен.(су) 4.Үлкен алтын табақтан Әлемге нұр таратқан.(күн) 5. Шөпті жапырып, Құмды сапырып, Қоқысты үйіріп,</p>

	<p>Әкеткен не шүйіріп? (Құйын) -Балалар, бұл жұмбақтардың шешуі не деп ойлайсындар? • Табиғат құбылыстары. • Табиғат құбылыстары нені құрайды? • Ауа райын. Бүгінгі біздің сабағымыз қауіпті табиғат құбылыстарымен танысамыз және де ауа райының адам өмірі мен шаруашылық іс-әрекетіне оң және теріс әсерін білетін боламыз. ҚБ «Дұрыс па, бұрыс па?» әдісі</p>
<p>Сабақтың ортасы 10 минут</p> <p>10минут</p>	<p>Білу және түсіну МК: Табиғатта болып тұратын өзгерістер табиғат құбылыстары деп аталады. Кейбір табиғат құбылыстары жылдың белгілі бір уақытында ғана болып тұрады. Тірі және өлі табиғатта үнемі өзгерістер болып тұрады. Жылдың 4 мезгіліне байланысты табиғатта өзгереді. Мысалы: ағаштар мен шөптер көктейді және құрайды. Жаңбыр, бұршақ, қар жауады. Жел, боран соғады. Осының барлығы табиғат құбылыстары. Оқушылар оқулықтағы негізгі тақырыппен танысады. 1-тапсырма ТЖ «Ойлан,топтас,бөліс» әдісі. Табиғат құбылыстары туралы айтады және пайдасы мен зиянын жіктеу арқылы көрсетіп, сәйкестендіреді. I-топ Найзағай адамға қандай зиян келтіреді? II- топ. Құрғақшылықтың адам өміріне зияны? III-топ Толассыз жауынның адам өміріне әсері. Дескриптор • Табиғат құбылыстары туралы айтады, ерекшеліктерін көрсетеді. • Пайдасы мен зиянын талдау арқылы көрсетеді. • Табиғат құбылыстарының зияны мен пайдасы туралы жіктеп сәйкестендіреді. ҚБ «Қөңілді жұлдыздар» 2-тапсырма « Мозайка » әдісі Барлық оқушыларға табиғат құбылыстарының суреті беріледі, аталған құбылыстарды топтастырады. Қолайсыз Қауіпті Дескриптор Қолайсыз және қауіпті құбылыстарды топтастырады. ҚБ «Қол шапалақтау»</p>

<p>10 минут</p>	<p>Тапсырманы өте жақсы деңгейде орындаған оқушыны қол шапалақтау арқылы бағалау 3-тапсырма «Сия жұмсаушы» әдісі арқылы табиғат құбылыстары туралы кластер құрастырады.</p> <p>Дескриптор: - Табиғат құбылыстарының қауіпті жағдайларын атайды - Табиғат құбылыстары туралы жазады. - Қолайсыз және қауіпті құбылыстардың ерекшеліктерін көрсетеді.</p> <p>Саралау: Жұмысқа берілген қысқа уақытта әр топ тез және үйлесімді жұмыс жүргізе біледі.</p> <p>ҚБ «Бір-бірін бағалау» әдісі Оқушылар бір-бірінің жұмысын бағалайды. Өз жұмысында нені жақсарту керектігін анықтайды.</p>
<p>Сабақтың соңы 5 минут</p>	<p>ҚБ «Кім жылдам» әдісі Табиғи қауіп төнген кезде қажет болатын заттарды 1 минут ішінде сөмкеңе сал!</p> <p>Рефлексия</p> <p> -қолымнан бәрі келді</p> <p> -бәрін үлгеремін, бірақ...</p> <p> -қолымнан ештеңе келмейді</p> <p>Бүгінгі сабақтан алған әсерлеріңізді үш түрлі суреттің біріне стикерлеріңізді жапсырыңыздар.</p>
<p>Үйге тапсырма</p>	<p>Түсініп оқу 87-89 бет</p>
<p>Саралау Төмендегі саралау тапсырмаларын сынып оқушыларының қажеттілігіне қарай мұғалім өз өзгертіп отыруы қажет.</p>	<p>Бағалау -оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?</p>

<p>1,2,3 тапсырма – «Тапсырма бойынша саралау» негізінде «Пазл», «Кір жайғыш», «Ойлаң, топтас, бөліс», «Мозайка», «Кім жылдам?», «Сия жұмсаушы» әдістер арқылы тапсырмалары орындалады. Тапсырманы орындау барысында әр оқушының ойлау деңгейінің әртүрлі болатындығын ескере отырып, әр оқушыға өз мүмкіндігі бойынша қолдау беріледі. «Уақыт арқылы саралау» негізінде «Рефлексия» әдісі арқылы тапсырма орындалады. Бұл тапсырма кезінде пікірлерді дәлелдеуде мұғалімнің көмегін қажет ететін оқушыларға қолдау беріледі.</p>	<p>«Дұрыс па, бұрыс па?» әдісі, «Қол шапалақтау» әдісі, «Көңілді жұлдыздар», «Бірін-бірі бағалау» әдісі Дескриптор: • -Табиғат құбылыстары туралы айтады, ерекшеліктерін көрсетеді. • -Пайдасы мен зиянын жіктеу арқылы көрсетеді. • -Қауіпті табиғи құбылыстар кезінде 112 құтқару қызметінің рөлі мен маңызын есте сақтайды. -Табиғат құбылыстарының зияны мен пайдасы туралы жіктеп сәйкестендіреді</p>
<p>Сабақ бойынша рефлексия Саралау тәсілдері арқылы сабақты ұйымдастыру ұнады. Оқу мақсаттарын, сабақ мақсаттарын, бағалау критерийлері мен дескрипторларын байланыстыра отырып, белсенді оқуды жоспарлау мен үшін құнды болды.</p>	
<p>Жалпы баға Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланңыз)? 1: Оқушылардың қарқын тәсіл арқылы, деңгейлерін анықтау. 2:Топта ұйымшылдық жұмыс жасағандары. Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланңыз)? 1: Оқушылармен диалогқа жиі түсу арқылы олардың қажеттілігін біліп отыру. 2: Оларды үнемі қолдап мадақтап, қолпаштап отыру. Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет? 2. Оқушыларымның мүмкіндік деңгейінің жоғары екенін, шығармашылық қабілеті бар оқуларымен жеке жұмыстарды жандандыру керек екенін білдім.</p>	



ОСПАНОВА АЙНУР АЙТМУХАНОВНА

Павлодар облысы Аққулы ауданы
Шарбақты жалпы орта білім
беретін мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі

«Қашықтықтан оқу кезіндегі бастауыш сынып оқушыларымен бірқатар жұмыстар атқарылды»

Пандемия кезінде эпидемиологиялық ахуалға байланысты, көптеген мектептер жабылып, оқу қашықтықтан жалғасқан еді. Бастауыш сынып оқушыларына бұл жағдай әрине, қиындау болғаны сөзсіз. Көптеген платформалар, күні бойына меңгере алмай, қиналған кездер де болды. Бірақ, қиындыққа қарамай, өз оқуларын жалғастырып, әрі қарай білім алып кеткен кезімізге өте қатты қуандық. Бастауыш сынып оқушыларына қиындық туғызған тақырыптар көптеп кездесті. Олардың орнын толықтыру жоспарға сәйкес жүзеге асқан болатын. Қосымша білім беру кезінде аса күрделі мәселелер қарастырылды, білім алушылар көп қателіктер жіберген тақырыптарға, яғни қиындық туғызған тақырыптарға назар аударылды.

Қазіргі таңда қашықтықтан оқу кезеңінде оқушыларының білімдеріндегі олқылықтарды жою және олардың орнын толықтыру да қашықтықтан өтіп жатыр. Қосымша білім беру кезінде аса күрделі мәселелер қарастырылды, білім алушылар көп қателіктер жіберген тақырыптарға назар аударылды.

Қиын тақырыптарға байланысты карточкалар, дидактикалық материалдар жасалып таратылды. Үлгерімі төмен оқушыларға жеке карточкалармен тапсырмалар жіберілді. Zoom платформасы арқылы оқушылар дидактикалық материалдармен жұмыс жасады (демонстрация экраны).

Кері байланыс барлық білім алушылармен орнатылды.



Сөйлем, сөз, дыбыс, әріп және буындары сайлауы.

Мақсаты: Сөйлем, сөз, дыбыс, әріп және буындары танытырып білдіну.

3 сыныпқа арнап берілген өзге тәртіп, осыдан соңғымен, сөйлемнен және құрастырып білу дегендерін білдіріп, байланыстырып, сөйлемге қосып, құрастырып, құрастырып, қосып жүзге түру.

Тәпсірме №1

Ойың: «Аласқа дыбыстар».

Шарты: Оқушылар орындары өзгестіріліп берілген дыбыстардан сөз құрастырып шығарып. Құрастырып сөйлемге ойың құру.

ҚАВТ	М А Н Е С	О В Қ У М	Ү З І	М К Е Т Е В
Ы П А Н	М У Т А Л И	О Қ У Ш Ы	Т Ү Л	М Е К Т Е В

Бағалау критерийі:

Критерий	Дескриптор	Үлгі
Берілген дыбыстардан сөз құрастырады	1. Берілген дыбыстардан сөз құрастыра алады	1
Құрастырып сөйлемге қалтасы жаза алады	2. Құрастырып сөйлемге қалтасы жаза алады	1
Құрастырып сөйлемге қалтасы жаза алады	1. Жазған сөйлемде сөйлем құрай алады	1
	2. Сөйлемдерді қалтасы жаза алады	4+3+2+1=5
		3+2+1=4
		2+1=3

Кестені толықтыр. Берілген дыбыстан басталатын сөз сөйлем құру.

Дыбыс	Сөз	Буың	Сөйлем
Қ			
Н			

Бағалау критерийі:

Критерий	Дескриптор	Үлгі
Берілген дыбыстан сөз құрастырады	1. Берілген дыбыстан сөз құрастыра алады	1
2. Құрастырып сөйлемге қалтасы жаза алады	2. Құрастырып сөйлемге қалтасы жаза алады	1
3. Құрастырып сөйлемге қалтасы жаза алады	1. Құрастырып сөйлемге қалтасы жаза алады	1
	2. Сөйлемдерді қалтасы жаза алады	4+3+2+1=5

№ D00042 26.07.2021 ж

Бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу

САРМУРЗИНА ГУЛБАНУ ОНАЛБАЕВНА

Маңғыстау облысы Ақтау қаласы «№ 13 гимназиясы» КММ

Бастауыш сынып мұғалімі

Адамның жеке басын қалыптастыру негізі - бастауышта.

Бастауыш мектептен бастап оқушыларға білімнің қыры мен сырын жетік таныту, қабілеттерін шыңдау, адамгершілік қасиеттерін дарытып, Қазақстан Республикасының азаматы деген атаққа лайық болатындай етіп тәрбиелеу - біздің міндетіміз. Сондықтан да бастауыш мектептен бастап оқушының жан-жақты дамуына басты назар аударылуы керек. Оқушының жан-жақты дамуына бағыт-бағдар беруші - мұғалім.

Қоғамның негізгі бағыты білімді де дарынды балалар даярлау болса, ал мектептің негізгі көкейкесті мәселелерінің бірі білім мен қатар тәрбие беру, яғни адамгершілік тәрбиесін қалыптастыру, бастауыш сыныптан бастап адамгершілік мәдениеті жоғары деңгейдегі оқушылар тәрбиелеу.

Жас ұрпақ бойына батылдық, әділдік, мейірім мен қайырымдылық, ізеттілік пен қамқорлық сезімдерін сіңіруді әр ұстаз, әр пәнде сабақпен ұштастыра жүргізуі қажет.

Жас бала - жас шыбық тәрізді қалай исең солай майысады. Сондықтан да білім негізі бастауыш мектепте қалыптасады деп айтылады, осы кезеңнен бастап, балаға тиісті көңіл бөлу керек екенін заман талабы, тәрбие кепілі деп түсінуіміз керек.

Халықта: “Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің” деген мақал бар. Тәлім – тәрбие болмаған жерде адамгершілік мәдениеті мен қасиеті де қалыптаспайды.

Адамның адамгершілігі - оның жоғары қасиеті, былайша айтсақ, кісілігі. Оның негізгі белгілерінің бірі - адамдық ар - намысты ардақтау, әр уақытта жақсылық жасауға ұмтылу, соған дайын болу. Ақылды, мейірімді адам кез-келген уақытта өзгенің жақсылығын бағалағыш болып келеді. Арлы адам - ардақты. Адамгершілігі мол адам - басқаларға қашан да үлгі - өнеге.

Бастауыш сынып оқушылары үшін сабақты қызықты да мазмұнды етіп жүргізу мұғалімнің өзіне, шығармашылық ізденісіне, әр түрлі әдістемелік әдіс-тәсілдерді сабақта тиімді пайдалана білуіне байланысты.

Адамгершілік тәрбиесі дегеніміз – оқушылардың бойында мінез-құлықтың белгілі бір сипаттарын қалыптастыру және оларға өздерінің бір-біріне, жанұясына, басқа адамдарға, Отанға, мемлекетке деген қатынасын анықтайтын

мінез нормалары мен ережелерін дарыту жөнінде мұғалімдердің арнаулы мақсат көздеген қызметі.

Бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу ең алдымен және негізінен оқыту үрдісінде жүргізіледі. Баланы оқыту үстірт қарағанда ғана тіпті өзгеге қатысы жоқ іс болып көрінуі мүмкін. Шындығында сабақ – алуан түрлі ұжымдық қимылдар мен тебіреністердің, адамгершілік өзара қатынастардың тәжірибесін жинақтайтын орын. Сабақта балалар өздігінен жұмыс істеуге үйренеді. Оны ойдағыдай жүзеге асыру үшін өз күш-жігерін өзгелердің күш-жігерімен салыстыру, өз жолдастарын тыңдап, түсінуді, өз білімін басқалардың білімімен салыстыру, өз пікірін дәлелдеу, біреуге көмектесу және оның көмегіне сүйенуі қажет. Тәрбиелік жағынан алғанда мектепте оқилатын барлық пәндердің маңызы бірдей.

Бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуде мұғалімнің жеке басының үлгісімен, балалармен қарым- қатынасының шешуші маңызы бар. Оқушылар әр кез өз мұғаліміне еліктейді. Егер мұғалім мен оқушылардың қарым-қатынасына ізгілік, қамқорлық, сезімталдық тән болса, оқушылардың өзара қарым-қатынастары да сондай болады.

Бастауыш сынып оқушысының жеке басын қалыптастырудағы міндеттердің бірі оны адамгершілік туралы ұғымдар, түсініктермен байыту болып табылады. Оқушылар бұларды әр түрлі дәрежеде игереді, ол баланың жалпы дамуына, оның өмірлік тәжірибесіне байланысты. Біз үнемі, “Кітап – бұл әлем сырын ашу” дейміз. Оқу арқылы оқушы қоршаған өмірмен, табиғатпен, адамдардың еңбегімен, құрдастарымен, олардың қуаныштарымен, кейде тіпті сәтсіздіктерімен танысады. Бастауыш сынып оқушылары ең алдымен ізгілік, қайырымдылық, сезімталдық, әдептілік туралы ұғымдарды түсінуі, оларды айыра білуді үйренуі керек. Бұл сапалар өзара байланысты, қайырымды, әділетті адам қашанда сергек, сезімтал келеді. Балаға адамгершілік сапалардың өмірдегі көрінісін көре білуде, қайырымдылық пен зұлымдықты, сезімталдық пен әділетсіздікті, жолдасына шын мәнінде немесе жалған көмек беруді айыра білуді үйренуі тиіс. Сондықтан оқушылар адамгершілік мәдениетінің дамуына бағыт беру үшін осы сапалардың мазмұнын білу қажет.

Адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі әдістеріне түсіндіруді жатқызуға болады. Оның құралдары ретінде мақалдар мен мәтелдер, әңгімелер мен ертегілер, аңыздар мен аңыз-әңгімелер қызмет етті. Оқушылармен әңгімеде сол жағдайға қолайлы мақалдар мен мәтелдер арнайы таңдалып, реттеліп алынып отырады. Адамгершілікке тәрбиелеудің аса бай жолдары белгілі болғанына көз жеткізу үшін келесі әдістер мен құралдарды атап өтуге болады. Олар: көрсету, үйрету, жаттықтыру, сендіру, өтіну кеңес, мақұлдау, сәттілік тілеу, тыйым салу, ант беру, сөгіс беру, кінәлау жатады.

Мәселен, халық ұғымында, адам баласының мінез-құлығына тәрбие мен тәлім арқылы тек білім мен ақылды ұштастыра білгенде ғана сіңетін, аса құдіретті, қасиеті мол адамшылық атаулының бір көрінісі. Шындық пен әділетті суреттейтін көркем шығармалардың ішіндегі аңызды айтсақ- “Аяз биді” еске аламыз. Шыр етіп дүниеге келген періште сәбиге адами асыл қасиеттер ана сүтімен, берісі бесіктен дамиды десек, қателеспейміз. Ал адам баласының тәрбиесінің ошағы саналатын – мектеп тәрбиесі бала бойында ізгі қасиеттердің қалыптасуына үлкен де, маңызды роль атқарары сөзсіз. Тәрбиенің негізгі – іргетасы адамгершілік тәрбиесіне байланысты.

Өйткені, адам бойындағы мыңдаған қасиеттердің ішіндегі негізгі орын алатын қасиет – адамгершілік қасиеті.

Бүгінгі күн ұрпақты жан - жақты білім алуын, белсенді, шығармашыл болуын талап етеді. Осыған байланысты оқыту мазмұнын, түрін, әдісін таңдай білу қажеттігі туады. Бастауыш мектептен бастап баланы өмірге дайындау, тәрбиелеу жоғарғы орынға қойылады.

Оқу-тәрбие жұмысында халықтық педагогиканы пайдалану, ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін оқушының жас ерекшеліктеріне қарай пайдалана білу мұғалімнен үлкен біліктілікті, шеберлікті талап етеді.

Халықтың жазу-сызуды білмеген, ғылым мен мәдениетінің баспаға түспеген дәуірінің өзінде де өсер ұрпақты жан-жақты тәрбиелеу отбасының, бүкіл қоғам мүшелерінің бірлесе атқарған ісі болған. Міне, осы тәрбие жөніндегі халықтың ой-тұжырымын, тәжірибесінің жиынтығын халық педагогикасы дейміз.

Мыңжылдық тарихы бар қазақ халқы өз ұрпағын өмірде, отбасында, тұрмыс, тіршілікте батылдық пен батырлыққа, әділдік пен адамдыққа, инабат пен ізгілікке, иба мен иманға үздіксіз тәрбиелеп отырған.

Халықтың ұлттық салт-дәстүрлері қаншама уақыт өтсе де өмірден өшірілмей, керісінше, қазіргі уақытта қайта жарқырай түскенін күнделікті өмір көрсетіп отыр. Қазақ баласы да қоршаған ортаның ішкі сырларын үлкендерден сұрап, еліктеп, байқап білгісі келген. Адамгершілік қасиет, еңбекке, өнерге, тәрбиенің басқа түрлеріне ойын, той, қонақ, сауық сияқты жерлерде тәрбиелеп, баулып отырған.

Қазақта баланы отбасы ғана емес, бүкіл ауыл болып тәрбиелеген.

“Қызың өссе, қызы жақсымен ауылдас бол, Ұлың өссе, ұлы жақсымен ауылдас бол” –деп, ұл –қыз тәрбиесіне түгел қатысқан. “Үлкеннің алдын кесіп өтпе”, “үлкенге сәлемдес”, “аттылының алдын кеспе” деп жолды кеспеуге баулыған. “Ат атандырма”, “сағымды сындырма” “сүйек жасытпа”, “сөз тасыма” деген жүйелі сөз тағы бар. Ата-ананың балаға деген мейірімі мен ықыласы қазақтың тұрмыс тіршілігімен астасып жатыр.

Қорыта айтқанда, оқушы біткеннің барлығы дерлік мектеп қабырғасында ұстаздардан тәлім алады. Егер біздің ұстаздарымыз әрбір сабақты жоғары сапалы, тиімді етіп өткізсе, жас ұрпақ тәрбиелеп өсіру ісінде кемшілік аз болар еді. Әрбір сабақ, тәрбиелік жұмыс ғылыми негізде ұстамды, жан-жақты танымды жүргізілсе рухани әсерлі болады.

Ғалым-психолог Блумның пікіріне сүйенсек «7-8 жасқа дейін өсіп келе жатқан баланың жеке қасиеттерінің 70 пайызына дейін қалыптасады» дейді. Міне, осы кез баланың білім алатын, білім алу арқылы дамитын кезеңі.

Бұл кезде алған білім оның бүкіл өмірінде қалатыны белгілі. Осы кездегі қаланған тәрбие адамгершіліктің негізін қалайды. Сондықтан осы кезден оқушы бойына жақсы қасиеттерді қалыптастыра оқыту керек.

Бастауыш сынып оқушыларының бойында жалпы адамгершілік қалыптармен гуманистік, моральдық, қайырымдылық, ізгілік, өзара түсінушілік, ізеттілік, кішіпейілділік, адалдық, сыпайылық тәрізді қасиеттерді сіңіріп, олардың өзара қарым-қатынас мәдениеті мен қоршаған ортамен қарым-қатынасына мән беруіміз керек. Осыларды ескере отырып, бастауыш сынып оқушыларының адамгершілік мәдениетін қалыптастыру бастауыш мектеп мұғалімінен ізденістерді талап етеді.

Сабақ үрдісіндегі оқушының тұлғалық қасиетін тәрбиелеуде мынадай ерекшеліктерді ескеруіміз керек:

- оқушының ақыл-ой мәдениетін дамыту;
- оқушының адамгершілік-имандылық құндылығын қалыптастыру;
- оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасы арқылы оқушы дүниетанымы қалыптасып, баланың ақыл-парасаты толысып, еңбекке, рухани-адамгершілік деңгейі біртіндеп дамитынын ескеру;
- сабақ тақырыбына сай ұлттық педагогика элементтерінің оқушының адамгершілігін арттыруға тиімділігін көрсету.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Балтабай Е. Этнопедагогика және тәрбие / Е Балтабай // Қазақстан мектебі, -2003, -№1, -40 б.
2. Жұмабаев М. Педагогика / М. Жұмабаев– А.: Рауан, 1993
3. Ғаббасов С. Изгілік әліппесі / С. Ғаббасов - А.: Ғылым, 1991
4. Қоянбаев Ж.Б Педагогика / Ж.Б Қоянбаев– Астана.1998
5. Молдағалиева Р.Т. Жаратылыстану негіздері мен дүниетануды оқыту әдістемесі/ Р.Т Молдағалиева– Астана, 2003
6. Барсай Б. Бастауыш сыныпта оқытудың жаңа технологиясы/ Б. Барсай // Бастауыш мектеп, -1998, -№1-27
7. Жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламасы / 1-4 сыныптар/. – А.: 1997

МАЗМҰНЫ

- *МУХАМЕДЖАНОВА АЛМА АГБАЕВНА*
- *РАМАЗАНОВА ЖАЗИРА ХАМИТОВНА*
- *МАХМУТОВА БАЛҒЫНГҮЛ ИЗБАСАРОВНА*
- *КАЗБЕНОВА ТУРСЫН МЕНДЫБАЕВНА*
- *АРЫСТАНОВА КАРЛЫҒАШ АҚЫЛБЕКОВНА*
- *ОСПАНОВА АЙНУР АЙТМУХАНОВНА*
- *САРМУРЗИНА ГУЛБАНУ ОНАЛБАЕВНА*